

## Берекелі Алтын күз!

**Мақсаты:** Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс — әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой — қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата — аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру.

**Жүргізуші:** Армысыздар, халайық,  
Бармысыздар, халайық!  
Күзгі тойды жұп жазбай,  
Бірге қарсы алайық!

Сәлеметсіздерме, құрметті ата — аналар, қонақтар! Бүгінгі біздің жыл мезгіліндегі ең тамаша «  
Берекелі Алтын күз!», атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Ортаға ортаңғы «Шаңырақ» тобының бүлдіршіндерін қарсы алыңыздар! (Әдемі сазды әуен ойналып тұрады. Жапырақтар биін билеп балалар келеді. Би аяқталған соң өз орындықтарына жайғасады.

**Жүргізуші:** Балалар кәзір жылдың қай мезгілі? /күз/  
Күзде ауа райы қандай болады? /Жаңбыр жауады, жапырақтар сарғаяды/  
Күзде не піседі? /жемістер, көкөністер/  
Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын, шешуін тауып көріңіздер.

**Жүргізуші:** Көк майсалы көрікті

Алқап тола көп егін

Бұл күндері киіпті

Сары жібек көйлегін /Күз/

Ән: «Күз келді»

Сөзі мен әні: З. Сейсенбаева

**Жүргізуші:** Балалар бізге қонақ келе жатыр, Күз ханшайымын қарсы алайық!  
(Сықырлы әуен ойнайды. Балалар тыңдайды. «Күз ханшайымы» кіріп келеді.)

**Күз ханшайымы:** Береке бақ дарыған,

Жомарт көңіл жарқын күз.

Сары алтынға малынған,

Мен Күз ханшайымымын,

Сендерді көргеніме өте қуаныштымын!

— Баршаңызды алтын күз мерекесімен құттықтаймыз! Күз бақыт, береке әкелсің!

**Күз ханшайымы:** Сәлеметсіздерме, балалар!

Балалар: Сәлеметсізбе, «Күз ханшайымы»

**Күз ханшайымы:** Балалар, сендер менің күз мезгілі екенімді қайдан біліп қойдыңдар?

Балалар: Сары жапырақтарыңыздан.

**Жүргізуші:** — Қош келдіңіз, «Күз ханшайымы», төрлетіңіз! Бүгінгі мерекеміздің қонағы бол, балалардың өнерін тамашалайық.

Ортаға жемістер мен көкіністер шығып өздерінің тақпақтар айтып береді:

**Дарын:**

Дөп дөнгелек сап-сары,

Ішінде бар дәні.

Қызығасын көріп,

Менің атым өрік.

**Али О:**

Өсіретін бойыңды,  
Дамытатын ойыңды.  
Қоянға да азықпыз,  
Сәбіздерміз, тәттіміз.

**Мүслим:** Күз келгенде тамаша  
Ән саламыз жараса.

**Ахмад:** Көрініп еліме  
Күндері мереке  
Келдіғой жеріме  
Күз дейтін мереке.

**Бексұлтан:** Астық толы қамбамыз  
Құтты болсын мереке  
Алтын күзді тойлаймыз.

**Жүргізуші:** Бүгін мейрам, бүгін той  
Қуанышты күн біліп қой  
Күзгі бақтай сыңғырлап  
Алақанды соғып қой деп, — ортаға ұлдарды шақырамыз.

**Би:** Қырманшылар биі

**Заңғар:** Зеленый огурец  
Большой-большой хитрец  
Сидит себе нарядке  
С людьми играет в прятки

**Мадина:** Келді міне күз

Айнала сары түс

Керемет тамаша,

Қандай әсем күз

**Би:** «Пчелка жу-жу»/ Сабина/

**Ойын:** «Кім мықты».

Ойынның шарты: Бізге екі бала қажет, олардың белдерін байлап, мына тұрған кегліді тез құлату қажет.

**Жүргізуші:** Балабақша бағында,

Сайраңдаймыз жанында.

Нақ өзіндей бүлдіршін,

Көп достардың жанында,- деп, біздің кішкентай бишілерімізді қарсы алыңыздар.

**Би:** «Жемістер»

**Күз ханшайымы:** Қандай керемет шеттеріңнен өнерлі екенсіңдер. Ендеше мені басқа балалар күтіп жатыр. Сау болындар балалар!(Күз кетеді)

**Балалар:** Күз ханшайымымен қоштасады.

**Жүргізуші:** Осымен «Шаңырақ» тобының «Берекелі Алтын күз» атты ертеңгіліміз аяқталды. Күзге айтарымыз, берер сыйы жылдан жылға көп болсын. Елімізде тыныштық, береке болсын! Сау болыңыздар!



